

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы
«Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Құнанбаев атындағы мектеп -гимназиясы» КММ

Аз қамтылған отбасылар қатарындағы оқушылар мен 1-4 сынып аралығындағы оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Мектепте болған кезде балалардың ыстық тамақтануы олардың денсаулығы мен тиімді оқу қабілетін сақтаудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Толық, теңдестірілген тамақтану-бұл баланың денесінің қалыпты жұмыс істеуінің маңызды шарты, әсіресе өсу мен даму кезеңінде. Бала 7 жастан 18 жасқа дейінгі жас кезеңін мектепте өткізеді, дәл осы уақытта ақыл-ой мен физикалық белсенділіктің жоғарылауымен бірге дененің ең қарқынды соматикалық өсуі байқалады. Мектеп асханасында тамақтануды ұтымды ұйымдастыру өскелең ұрпақтың денсаулығын дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді. Толыққанды және теңгерімді тамақтану аурулардың алдын алуға, балалар мен жасөспірімдердің жұмысқа қабілеттілігі мен үлгерімін, физикалық және ақыл-ой дамуын арттыруға ықпал етеді, олардың қазіргі өмірге бейімделуіне жағдай жасайды.

Мектеп кезеңі метаболизм процестерінің қарқындылығымен, өсу қарқыны, дене салмағының жоғарылауы, әр түрлі органдар мен жүйелердің – өкпе, жүрек - тамыр, ас қорыту, иммундық жүйенің одан әрі қалыптасуымен сипатталады.

Бұл жаста балалар мен жасөспірімдердің дұрыс тамақтануы олардың болашақта толық дамуы мен денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етеді. Балалардың мектепте болған кезінде ыстық тамақтануы олардың денсаулығын сақтаудың және тиімді оқу қабілетінің маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Тамақтану буфетте шикізатпен жұмыс істейтін мектеп асханасында ұйымдастырылады. Оқушылар саны 120-нан асатын асхана қарастырылған. Асханда қолданыстағы Санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес жабдықтар мен үй-жайлар жиынтығы бар.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың үш жас тобын (7-10 жас, 11-14 жас және 15-18 жас) тамақтандыруды ұйымдастыру үшін оқушылардың тамақтану рационы бойынша бірыңғай стандарттар "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленеді. Мектеп оқушыларының толыққанды ыстық тамақтануын ұйымдастыру күрделі міндет болып табылады, оның қажетті буындарының бірі-балалар мен жасөспірімдерге барлық қажетті қоректік заттармен сәйкес келетін ас мәзірі жасалынады. Маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) ескере отырып, мектептегі ыстық астың төрт апталық мәзірін әзірлейді. Мәзірді әзірлеу кезінде білім алушылардың мектепте болу ұзақтығы, олардың жас санаттары, тамақтану рационына витаминді-минералды кешенмен байытылған тамақ өнімдерін енгізу қажеттілігі көзделген.

Күн сайын көрнекі жерде, дұрыс тамақтану бұрышының жанында ата-аналар бүгін баланың не жегенін білуі үшін мәзір ілінеді. Мәзір-бұл оқушылар мен ата-аналарға арналған ақпарат, сондай-ақ асхана жұмысының бағдарламасы.

Балалардың тегін тамақтануына тамақтандыруды ұйымдастыруға арналған екі апталық мәзір жайма (қыс-көктем)

Күні	Калория ккал	Тағамдық заттар				
		ақуыз, г	майлылығы г,	көмірсулар, г	Кальций, мг	Вит.С, мг
1	664	27.25	22.8	86.2	287.8	4.748
2	746.75	18.625	15.525	130.825	98.56	0.178
3	863.51	31.02	26.38	123.42	83.34	3.698
4	514.3	18.55	6.975	92.4	108.96	55.348
5	541.3	18.5	16.2	79.82	103.12	16.158
6	216.25	61.45	5.775	40.9	43.96	27.3
7	632.3	14.84	9.7	119.6	51.2	27.978
8	400.6	19.6	11.2	72.63	70.48	28.068
9	541.3	18.5	16.2	79.82	103.12	16.158
10	385.8	16.1	8.3	63.2	23	0.048
11	753	24.4	25.83	100.2	309.9	2.548
12	431.25	12.525	9.825	62.925	70.88	0.078
Барлығы:						154,24

Балалардың тегін тамақтануы (жаз-күз)

Күні	Калория ккал	Тағамдық заттар				
		ақуыз, г	майлылығы г,	көмірсулар, г	Кальций, мг	Вит.С, мг
1	216.25	65.45	5.775	40.9	43.96	27.3
2	863.51	31.02	26.38	123.42	83.34	3.698
3	514.25	18.55	6.975	92.4	108.96	55.348
4	664	27.25	16.2	86.2	287.8	4.748
5	746.75	18.625	5.775	130.825	98.56	0.178
6	632.3	14.84	9.7	119.6	51.2	27.978
7	400.6	19.6	11.2	72.63	70.48	28.068
8	541.3	18.5	16.2	79.82	103.12	16.158
9	385.8	16.1	8.3	63.2	23	0.048
10	753	24.4	25.83	100.2	309.9	2.548

11	431.25	12.525	9.825	62.925	70.88	0.078
12	362.9	6.9	7.1	67.1	26.78	27.92
Барлығы:						194,07

Директор перспективалы мәзірге сәйкес күн сайын асханада орналастырылған алдағы күнге арналған мәзірді бекітеді. Азық-түлік жеткізушісінде дайындау технологиясын сақтау және дайын тағамдардың калориясына сәйкес келетін технологиялық карталар бар. Технологиялық карталарда өнімдердің орналасуы, тағамдардың шығуы, әр тағамның құрамы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың, дәрумендердің мөлшері) және әр тағамның (аспаздық өнімнің) энергетикалық құндылығы (құнарлылығы) және әр тағамның жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерімен және мезгілдік ерекшеліктерді ескере отырып, бірыңғай перспективалық ас мәзірі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамызындағы №ҚР ДСМ-76 "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар" бұйрығына сәйкес жасалынды.


Мектеп -гимназия әкімшілігі білім алушыларды тиімді тамақтандыруды қамтамасыз етуге, дұрыс тамақтанудың санитариялық - гигиеналық негіздері мен принциптерін қамтамасыз етуге, білім алушылардың ата-аналарымен консультациялық және түсіндіру жұмыстарын жүргізуге бағытталған ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.

Оқушылардың тамақтану режимін мектеп-гимназия директоры бекітті. Тамақтану сағаттары белгіленген санитарлық нормаларға сәйкес белгіленеді. Оқу күні режимінде тамақтануға ұзақтығы 15 минуттан екі үзіліс қарастырылған. Тамақ беруші құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы есепті ай сайын ұсынады

Жалпы бақылау үшін мектеп-гимназиясында тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша мониторингтік және бракераж комиссиясы жұмыс істейді. Комиссияны мектеп директоры басқарады, оған тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектептің медбикесі, әлеуметтік педагогтар және қамқоршы кеңесінің төрайымы кіреді. Олар ай сайын тағамдардың органолептикалық бағалауды жүргізеді, ас үй жабдықтарының талаптарға сай болуын, тамақ дайындау процесі мен сақтау режимін тексеру жұмыстарын жүргізеді. Медбике бракераж журналында күнделікті сынамаларды алып отырады.

Тегін ыстық тамақпен қамтылған балалардың үш жылдық мониторингі

Тегін тамақтандырумен қамтылған балалар санаты	2020-2021	2022-2023	2023-2024
Оқушылар саны	175	180	61



Веб –портал «Sakura» техникалық ақауларға байланысты 1 өтініші қабылданды. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысын негізге ала отырып өтініштерді қабылданғаны жөнінде айтып өтті. Барлық қабылданған өтініші 61, АӘК алатын -30, жетім оқушы -1, мүгедек -2 оқушы, басқа санаттағы оқушылар-28. Құжаттары талаптарға сай келетін -61 өтініш.

Көп балалы және толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан 10 оқушы ЖК «Мукаеваның» есебінен тамақтандырылуда.

Мектеп асханасы 120 орынға арналған. Оқушылардың әлеуметтік санаттарына байланысты қолдау көрсету мен көмек беру үнемі жүргізіліп отырады. Жалпыға міндетті оқу қорының есебінен әлеуметтік дәрежелеріне байланысты 61 оқушы, 1-4 сынып аралығындағы 407 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп оқушылары асханадан сапалы әрі құнарлы тамақпен қамтылуына байланысты тамақтың сапасын бақылау мониторингін жүргізу комиссиясы құрылды. "Орта білім беру ұйымдарында білім

алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрығының негізінде ұйымдастыру, 3-параграф 107 тармағына сәйкес мектеп асханасының қызметін және тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу үшін комиссия құрамы бекітілді. Комиссия мүшелері жоспар бойынша асхананың жұмысымен дайындалған тамақтың сапасын тексеріп қадағалап отырады. Сонымен қатар мектеп медбикесі күн сайын дайындалған тамаққа сынақ жасайды.

Мектептің басшысы білім беруді басқару органы бекіткен перспективалық мәзірге сәйкес күн сайын тамақтардың алдағы күнге шығуын көрсете отырып, ас мәзірін бекітеді және оны асханаға және білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері үшін қолжетімді жерге орналастырады. Қызметті жеткізуші ай сайын орта білім беру ұйымының басшысына өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды қоса бере отырып, білім алушылар үшін пайдаланылатын тамақ өнімдерінің тізбесі туралы мәліметтерді ұсынады. Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізілді.

ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №598 бұйрығы. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген 10.08.2022 №359 ҚР оқу-ағарту министрінің бұйрығы бойынша мектеп –асханасы техникалық жабдықталуы тозған: 4 -тоқ плита, 3- тоқ пеші, 3- тоңазтқыш. Қазіргі таңда қалыпты жағдайдағы жабдықтары: 4- тоқ плита, ветринаның 3-тоқ плитасы, 1 тоқ пеші. ЖК «Мукаева» өз есебінен жаңа тоңазтқыш сатып алынған.

2020-2021 оқу жылы карантинге байланысты онлайн форматта оқытылғандықтан тұрмысы төмен, аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына «Жалпыға міндетті оқу қорынан» қарастырылған қаржыға құрғақ азық-түлікті 149 оқушыға тарату стандартқа сәйкес ұйымдастырылды.

2022-2023 оқу жылы тұрмысы төмен, аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына «Жалпыға міндетті оқу қорынан» қарастырылған 180 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылуы ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылында 1-4 сынып аралығындағы 407 оқушы және әлеуметтік санаты бар мектеп-гимназияда оқитын аз қамтылған отбасылардан шыққан - 61 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Тегін ыстық тамақпен қамтылған балалар саны 49% құрайды және бұл көрсеткіш мектеп-гимназияда оқитын оқушыларға байланысты.



Асхана жабдықтармен, инвентарьмен, ас үй және асхана ыдыстарымен, ас құралдарымен жабдықталған дұрыс тамақтануды ұйымдастыруды анықтау мақсатында оқушылар мен ата-аналардан «Мектеп асханасы» тақырыбында сауланама анкета алынып отырады.

Мектеп-гимназиясының медбикесі денсаулықты нығайтуға, дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар өткізіп отырады. Мектеп -гимназия оқушыларымен медицина қызметкерлері және сынып жетекшілері үнемі дәрістер, диктанттар, сауалнамалар, конкурстар өткізеді, дұрыс тамақтанудың түрлі тақырыптарында: "Дұрыс тамақтану", "Ас адамның арқауы", «Денсаулыққа зиянды тағамдар!», «Табиғи тамақ денсаулық кепілі», «Дұрыс тамақтану салауатты өмір салты» бейнефильмдерін қарауды ұйымдастырады.